

Мусабекова Айнаш Орикбаевнаның «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: әдіснамалық негіздері, даму үрдістері мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа

Аңдатпа

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру маңызды басымдықтардың бірі ретінде айқындалуда. Бұл үрдіс жаһандық күн тәртібіндегі «Тұрақты даму мақсаттары» (ТДМ) құжаты мен де тығыз байланысты. Әйелдердің кәсіпкерлік қызметке белсенді қатысуы – экономиканың әртараптандырылуы, жұмыспен қамту деңгейінің артуы, кедейліктің төмендеуі және өңірлік теңгерімді дамуды қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі ұлттық экономиканың сапалы өсуіне оң әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен инклюзивтілік деңгейін арттырады. Қазақстанда әйелдердің саны ерлерге қарағанда 51% артық, бұл еңбек ресурстарының әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін әйелдерді экономикалық процестерге, соның ішінде кәсіпкерлікке кеңінен тарту қажеттігін айғақтайды.

Елімізде соңғы жылдары ажырасу деңгейінің өсуі және жалғыз басты аналардың санының артуы әйелдердің қаржылық тәуелсіздікке ұмтылуын күшейтті. Бала күтімімен және отбасын қамтамасыз етумен қатар, көптеген әйелдер қосымша немесе негізгі табыс көзі ретінде кәсіпкерлікке бет бұруда. Бұл ретте кәсіпкерлік қызмет оларға икемді жұмыс кестесін, отбасылық міндеттермен тиімді үйлесімділікті және өзін-өзі кәсіби тұрғыда жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынады.

Әйелдер басқаратын кәсіпорындар негізінен шағын және орта бизнес секторында шоғырланған. Мұндай бизнестің артықшылықтары – нарыққа бейімделудің жоғары қабілеті, отбасылық құрылыммен үйлесімділігі, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілікті басым қоюымен ерекшеленеді. Әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі, әсіресе білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету және қолөнер сияқты әлеуметтік маңызы бар салаларда айқын байқалады. Бұл олардың дәстүрлі әлеуметтік рөлімен сәйкес келіп, халықтың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды орын алады.

Бүгінгі таңда цифрлық экономиканың дамуы әйелдер үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Онлайн сауда, интернет-маркетинг, әлеуметтік желілер арқылы кәсіп жүргізу, электронды төлем жүйелерін қолдану сияқты заманауи құралдар әсіресе шалғайдағы ауыл әйелдері үшін бизнесті бастап, оны дамытуға жол ашты. Бұл үрдіс кәсіпкерлікке қатысу аясын кеңейтумен қатар, әйелдердің цифрлық сауаттылығын арттыру қажеттілігін де көрсетеді.

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан да әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған нақты бағдарламалар жүзеге асырылуда. «Бизнестегі әйелдер»

жобасы, «Даму» қорының қаржылық қолдау тетіктері, халықаралық ұйымдармен (БҰҰ Даму бағдарламасы, Еуропалық қайта құру және даму банкі және т.б.) бірлескен бастамалар кәсіпкер әйелдерге бизнесін ашуға, кеңейтуге, басқаруға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар шеңберінде әйелдерге төмен пайызбен несие беру, қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыру, бизнес-жоспар құру мен нарықты талдау бойынша кеңестер ұсынылуда.

Алайда, барлық ілгерілеушілікке қарамастан, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын тежейтін бірқатар жүйелі кедергілер әлі де сақталып отыр. Олардың қатарында қаржы ресурстарына қолжетімділіктің шектеулілігі, кәсіпкерлік білім мен тәжірибенің жеткіліксіздігі, гендерлік стереотиптер, инфрақұрылым мен нарықтық ақпаратқа қолжетімділіктің төмендігі сияқты факторлар бар. Бұл кедергілер әсіресе ауылдық және шалғай өңірлерде айқын көрініс табады. Сондықтан мемлекет тарапынан жасалатын қолдау шаралары тек қаржылық ресурстармен шектелмей, білім беру, инфрақұрылымдық қолжетімділік пен ақпараттық қолдауды қамтитын жан-жақты тәсілді талап етеді.

Бұдан бөлек, Қазақстан БҰҰ аясындағы «Теңдік ұрпағы» бастамасына қосылып, гендерлік зорлық-зомбылықты жою, әйелдердің құқықтарын қорғау және олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі халықаралық міндеттемелерді қабылдаған. Бұл зерттеу бағытының тек ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де өзектілігін дәлелдейді.

Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан жоғары деңгейде өзекті саналады. Сондықтан, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған ұлттық жобаларды іске асыру қажеттілігі тұрғысынан, диссертациялық зерттеу тақырыбы өзекті және заман талабына сай болып табылады.

Мәселенің зерттелу және ғылыми даму дәрежесі. Жалпы, қажетті дағдылар мен икемдерді қалыптастыру мәселелері әртүрлі кезеңдерде зерттеліп, нарықтық экономика мен еңбек қатынастарының дамуына ықпал етті. Бұл тұрғыда шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері айтарлықтай пайдалы болды, олардың қатарына А. Смит, Ж. Бодо, Ж. С. Сэй, Й. Шумпетер, П. Друкер, Ф. Хайек, Р. Кантильон және басқалар жатады.

Әйелдердің жұмыспен қамтылуы және экономикадағы гендерлік мәселелер еңбек нарығы құрылымын талдау барысында шетелдік экономистер тарапынан кеңінен зерттелді. Бұл бағытта ерекше үлес қосқан ғалымдар қатарына Т.А. Корсун, В.Ј. Parker, А.М. Pines, М. Lerner, D. Schwartz, И.Г. Андреева, К.В. Павлов, М. Vaněk, М. Mikoláš, К. Žváková, E. Rosca, N. Agarwal, A. Brem, L. Sarfaraz, N. Faghih, A.A. Majd, G.M. Cardella, B.R. Hernández-Sánchez, J.C. Sánchez-García, A. DeBruin, C.G. Brush, F. Welter, Q. Wang, N. Gupta, M. Setini, Moreira J.T.P., Drakh Z.A., E. Borisova, С.Ю. Барсукова, Бабаева Л.В, Чирикова А.Е., Заславская Т.И. және басқа да ғалымдар жатады. Олардың еңбектері ғылыми тұрғыдан құнды болып табылады.

Әсіресе, бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан терең талдау жасап, үлкен үлес қосқан қазақстандық ғалымдарды ерекше атап өткен жөн. Олардың қатарына Н.У. Шеденова, Г.А. Низамова, Н.Т. Смагулова, С.М. Шакирова, Р. Сарсембаева, Ж.А. Нурбекова, М. Казбекова, З. Сатпаева, З. Джубалиева, С. Сеильбекова және басқа да зерттеушілер жатады. Бұл ғалымдардың еңбектері Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі мәселесін ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделеуге ықпал еткен маңызды зерттеулер болып табылады.

Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту маңызды міндет болып қала береді, өйткені бұл салада даму жаңа сын-қатерлер мен табысты шетелдік тәжірибелерді ескере отырып, үнемі жаңаруды талап етеді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің әдіснамалық негіздерін айқындап, оның даму үрдістері мен қазіргі жағдайын талдау арқылы әйелдер кәсіпкерлігін жетілдірудің болашақ перспективалары мен тиімді тетіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу.

Диссертациялық зерттеу міндеттері:

- Әйелдер кәсіпкерлігінің теориялық негіздерін жүйелеп, оның әлеуметтік-экономикалық мәнін ашу;

- Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық тетіктерінің шетелдік тәжірибесін зерттеу;

- Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің даму бағыттарын талдау және оны айқындайтын негізгі институционалдық, өңірлік, әлеуметтік факторларды анықтау;

- Эмпирикалық деректер мен сауалнама нәтижелері негізінде әйелдер кәсіпкерлігінің негізгі кедергілерін сипаттау;

- Әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық тетіктерін жетілдіру жолдарын зерттеп, ұсыныстар әзірлеу.

- Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың қаржылық тетіктерінің тиімділігін арттыру бағыттарын анықтап, ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің объектісі – Қазақстандағы жүзеге асырылып жатқан әйелдер кәсіпкерлігі.

Зерттеудің пәні – Қазақстандағы әйел кәсіпкерлігінің теориялық, әдістемелік қағидаларын және практикалық тұстарының жиынтығы.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі жүйелік, құрылымдық-функционалдық талдау, экономикалық модельдеу және болжау, әлеуметтік сауалнамалар, анкеталық зерттеулер, мақсатты фокус-топтармен жүргізілген сұхбат әдістерін қамтиды. Әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері мен статистикалық деректер факторлық, кластерлік талдау және сараптамалық бағалау әдістері негізінде экономикалық-статистикалық әдістермен өңделді. Зерттеу аясында электронды ресурстар да пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңашылдығы:

- Әйелдер кәсіпкерлігінің эволюциясын және оның ілімдік-әдіснамалық конструкторларын жүйелеу негізінде жаңа теориялық тәсіл ұсынылды.

- Әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық модельдері мен әлемдік тәжірибесінің типологиясы жасалып, Қазақстан жағдайына бейімделу бағыттары айқындалды.

- Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық индикаторларын библиометриялық талдау негізінде бағалау әдіснамасы жетілдірілді.

- Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын әдіснамалық және институционалдық факторлар жүйеленді.

- Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін жетілдірудің кешенді моделі әзірленді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

- Әйелдер кәсіпкерлігінің ілімдік-әдіснамалық негіздері мен эволюциялық даму кезеңдері жүйеленіп, гендерлік экономика мен инновациялық менеджменттің өзара байланысын айқындайтын жаңа теориялық-концептуалдық тәсіл ұсынылды.

- Әлемдік тәжірибе негізінде әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық модельдерінің типологиясы жасалып, олардың Қазақстан жағдайында бейімделу және трансформациялану бағыттары ғылыми тұрғыда негізделді.

- Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін библиометриялық талдау негізінде библиометриялық ғылыми картасы ұсынылды.

- Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын әдіснамалық және институционалдық факторлар жүйеленді, олардың өзара ықпалы эконометриялық модельдеу арқылы дәлелденді.

- Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін жетілдірудің кешенді моделі әзірленді, ол мемлекеттік саясат, қаржы институттары мен жеке сектор синергиясына негізделіп, әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы әйелдер кәсіпкерлігін жақсартуға арналған келесі құралдарды әзірлеуді де қамтиды экономикалық-статистикалық талдау негізінде Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің ерекшеліктерін, соның ішінде өңірлік және салалық бөліністе анықтау, әртүрлі жаһандық индекстерді салыстыру негізінде Қазақстандағы әйелдердің бизнестегі экономикалық мүмкіндіктерін талдау.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы зерттеуде ұсынылған тәсілдер мен теориялық тұжырымдамалар әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын бағалаудың ғылыми аппараты ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыс гендерлік экономика, кәсіпкерлік теориясы, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер және әлеуметтік инновациялар саласындағы ғылыми ізденістерге жаңа көзқарастар ұсынады. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік рөлі мен оның қоғамдағы орнына қатысты теориялық пайымдаулар гендерлік саясатты жетілдірудің негізі бола алады. Осыған орай, бұл зерттеу әлеуметтік ғылымдар жүйесінде гендерлік кәсіпкерлікті жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ұсыныстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің Ғылым комитеті гранттары бойынша орындалған қолданбалы ғылыми-зерттеу тақырыптарының құрамдас бөлігі болып табылады. «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесін жаңғырту контекстінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын жандандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмдерін әзірлеу» ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранты, 2021-2024 жж. Тіркеу нөмірі: АР14871920.

Диссертация тақырыбы бойынша 12 (он екі) ғылыми еңбек, оның ішінде 4-і ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда, 7-ы халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде 4-і шетелдік конференция материалдарында және 1-і Scopus деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда жарияланды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері «Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және концепцияны трансформациялау» ғылыми-практикалық конференциясында ғылыми баяндама формасында (Қарағанды, 2021, 2022), «Universum: экономика және құқықтану: ғылыми журнал». (Мәскеу, 2023), «Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және құзыреттіліктер трансформациясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында ғылыми баяндама түрінде (Қарағанды, 2024) ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертацияның негізгі мәтіні 229 бетте жазылған.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

1. The impact of female entrepreneurship on economic growth in developing and developed economies // Innovative and Economics Research Journal Economics Volume 12, No. 2, 2024. - P. 145-162. Докторанттың қосқан үлесі – 51%.

2. Кәсіпкерлік саласындағы әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін талдау // Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика Сериясы. – №1(105). – 2022. – Б.184-194. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

3. Әйелдер кәсіпкерлігінің объектілік-субъектілік ерекшеліктері және оның даму артықшылықтары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика Сериясы. – №3(107). – 2022. Б.228-236. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

4. Women's entrepreneurship – a promising potential for economic development // Bulletin of the Karaganda university. Economy Series. – №1(109). – 2023. P. 28-35. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

5. The priorities of women-led businesses in the economy of Kazakhstan: gender aspects in the labor market // Bulletin of the Toraighyrov university. Economy Series. – №1. – 2024. P. 31-45. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

6. Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі дамуының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері // Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және құзыреттіліктер трансформациясы: халықарал. ғыл.-

тәжір. конф. материалдар жин.: ғыл. электрон. басылым. – Қарағанды «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2021. – Б.66-70. Докторанттың қосқан үлесі – 70%.

7. Социально-экономические факторы развития женского предпринимательства // Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және кұзыреттіліктер трансформациясы: экономика факультетінің 50-жылдығына ари. халықарал. ғыл.-тәжір.конф. материалдар жин.: ғыл. электрон. басылым. – Қарағанды «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2022. – Б.401-405. Докторанттың қосқан үлесі – 60%.

8. The relationship between women's entrepreneurship and gender equality // V international scientific conference. "Development of science in the XXI century". Dortmund, Germany. 2023. 12-15 p. Докторанттың қосқан үлесі – 60%.

9. Факторы, влияющие на участие женщин в рабочей силе в Казахстане // Universum: экономика и юриспруденция: научный журнал. – № 4(103). М., Изд. «МЦНО», 2023. – 35-38 стр. – Электрон. версия печ. публ. Докторанттың қосқан үлесі – 60%.

10. Қазақстандағы әйелдер бизнесі: сын - қатерлер және өсу нүктелері // Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және кұзыреттіліктер трансформациясы: халықарал. ғыл.-тәжір. конф. материалдар жин.: ғыл. электрон. Басылым. – Қарағанды «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2023. – Б.462-466. Докторанттың қосқан үлесі – 60%.

11. Gender equality and the empowerment of women and girls on the example of Canada // VI International Scientific and Practical Conference «Current questions of modern science», 2023, Tallinn, Estonia. 31-34 p. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

12. Gender equality in the implementation of women's political rights in the republic of Kazakhstan // II International Scientific and Practical Conference «Questions. hypotheses. answers: science XXI century», 2023, Toronto. Canada. 18-27 p. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

Бірінші тарауда «Әйелдер кәсіпкерлігін зерттеудің ілімдік және әдіснамалақ тәсілдері» атты Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы мен оны зерттеудің өзектілігі қарастырылды. Әйелдердің кәсіпкерлік қызметке белсенді араласуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, мәдени және гендерлік факторлар талданды. Ғылыми әдебиеттерге шолу негізінде әйелдер кәсіпкерлігін зерттеудің соңғы онжылдықтарда қарқынды дамығаны, алайда бұл саланың әлі де қалыптасу кезеңінде екені көрсетілді. Сонымен қатар гендерлік стереотиптер, еңбек нарығындағы теңсіздік және отбасылық жүктеменің әйелдер кәсіпкерлігіне ықпалы айқындалды. Зерттеу әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мен гендерлік теңдікті нығайту мәселелерінің маңыздылығын негіздейді.

Бұл зерттеу әйелдердің кәсіпкерлік қызметке қатысу эволюциясын ХІХ ғасырдың ортасынан қазіргі кезеңге дейін тарихи-гендерлік және институционалдық тұрғыда талданды. Жұмыста әйелдердің құқықтық

мәртебесінің өзгеруі, білім мен кәсіби қызметке қолжетімділікті шектеген құқықтық және әлеуметтік кедергілер, сондай-ақ еңбек нарығындағы құрылымдық трансформациялардың әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына ықпалы қарастырылды. Зерттеу нәтижелері әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық табиғатын кешенді түсіндіруге, гендерлік стереотиптер мен институционалдық тосқауылдардың рөлін айқындауға және гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін ғылыми-тәжірибелік ұсынымдар әзірлеуге негіз болды.

Қазақстандағы әйелдер үкіметтік емес ұйымдарының қалыптасуы мен дамуын, олардың мемлекеттік-патерналистік модельден азаматтық қоғам институттарына дейінгі эволюциясын кешенді түрде талдайды. Жұмыста мемлекеттік саясаттың, заңнамалық базаның және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтың әйелдер қозғалысы мен кәсіпкерлігін қолдаудағы рөлі айқындалды. Сонымен қатар БҰҰ және Халықаралық еңбек ұйымы шеңберіндегі халықаралық құжаттар мен бағдарламалардың, соның ішінде Пекин іс-қимыл платформасының, әйелдер кәсіпкерлігін ілгерілетудегі маңызы негізделді. Зерттеуде Қазақстан Республикасындағы әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдаудың құқықтық негіздері, субъектілерді айқындау критерийлері және қолдау тетіктері қарастырылды. Сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігінің экономикалық өсімге, кедейлікті азайтуға және гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге қосатын үлесі, оның ішінде Covid-19 пандемиясы жағдайындағы бейімделу ерекшеліктері талданды. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау ұлттық және халықаралық деңгейде орнықты әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторы ретінде негізделген.

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін дамытудағы ғылыми, құқықтық және институционалдық аспектілерді кешенді түрде қарастырылды. Библиометриялық талдау (Web of Science, 2000-2024) әйелдер кәсіпкерлігін зерттеудегі негізгі тақырыптар мен ғылыми кластерлерді анықтап, дамушы елдердегі әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсетті. Қазақстандағы нормативтік-құқықтық база Конституцияның теңдік принципінен басталып, тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан кәсіпкерлікті реттейтін заңдар (1991-2015) арқылы дамыған, әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен институционалдық механизмдер енгізілген.

1998 жылы әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою Конвенциясын ратификациялау институционалдық қолдаудың негізін қалады, ал 1998-2016 жылдар аралығында мемлекеттік стратегиялар мен әлеуметтік-экономикалық жоспарлар әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталды. 2022 жылдан бастап БҰҰ Әйелдер ұйымымен бірлескен жобалар, «Бизнестің жол картасы», «Даму» АҚ және «Атамекен» ҰКП арқылы қаржылық, консультациялық және білім беру қолдауы қамтамасыз етілуде.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үшін нормативтік-құқықтық және институционалдық база жүйелі түрде қалыптасып, гранттар, жеңілдетілген несие, оқыту бағдарламалары («Ұмай», «Үміт», IT-Aiel, Tomiris, TalpynUp, Business-Aru, Re.Women) арқылы әйелдердің кәсіпкерлік және басқарушылық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Бұл шаралар әйелдердің экономикалық белсенділігін күшейтіп, кәсіпкерлік экожүйені тұрақты дамытуға үлес қосуда.

Осылайша, бірінші тарау зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырып, Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы әлеуметтік-экономикалық және гендерлік факторлармен тығыз байланысты екенін, ал оны жүйелі мемлекеттік және институционалдық қолдау орнықты даму мен гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің маңызды шарты екенін дәлелдейді.

Екінші тарауда «Қазақстандағы әйел кәсіпкерлігінің дамуын талдау және бағалау» Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті әйелдер белсенді басқарады: жалпы ШОБ субъектілерінің 49,2%-ы әйелдерге тиесілі, олардың ішінде жеке кәсіпкерлер – 58,6%, заңды тұлғалар – 29,4%, шаруа/фермерлік қожалықтар – 28,2%. Әйелдер басқарған компаниялар жұмыспен қамтылғандардың 34%-ын қамтамасыз етеді. Әйелдердің экономикалық белсенділігі 66,7%, жұмыссыздық деңгейі – 5,3%, ал ұзақ мерзімді жұмыссыздық – 1,5%. 2024 жылы жалақы айырмасы 25,7%-ға жетті, басшылық позициялардағы әйелдер үлесі – 41,2%, ал Парламентте – 20,9%. Қазақстан халықаралық ұйымдармен (UN Women, Дүниежүзілік банк, ADB) ынтымақтастық арқылы әйелдердің экономикалық құқықтарын кеңейту және кәсіпкерліктегі белсенділігін арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруда.

2014-2023 жылдар аралығында Қазақстандағы әйелдердің еңбек нарығына қатысу деңгейі тұрақты болып, шамамен 49%-ды құрайды. Әйелдер ауыл шаруашылығынан тыс секторларда да белсенді, алайда гендерлік жалақы айырмашылығы 25,7%-ды құрап, теңсіздік мәселесінің өзектілігін көрсетуде. Шағын және орта кәсіпкерліктегі әйелдердің басым бөлігі ірі қалаларда шоғырланған: Алматы облысында – 151 138, Астанада – 279 854 кәсіпкер. Соңғы жылдары әйелдер тарапынан экологиялық тұрақтылық пен әлеуметтік мәні бар жобаларға қызығушылық артып, бұл үрдіс халықаралық тенденциялар мен Қазақстанның орнықты даму саясатына сәйкес келеді.

2024 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасының 20 өңірі бойынша әйелдер кәсіпкерлігінің кеңейтілген талдауы жүргізілді. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріндегі әйел кәсіпкерлердің үлесі, өңірлік ЖӨӨ-дегі үлесі, әр 1000 әйелге шаққандағы кәсіпкерлер тығыздығы және интегралдық индекс есептелді. Әйел кәсіпкерлер ең көп шоғырланған өңірлер – Алматы қаласы (174,9 мың), Астана қаласы (121,2 мың) және Түркістан облысы (90,9 мың), ал ең төмен көрсеткіш Ұлытау (10,8 мың) және Солтүстік Қазақстан (15,7 мың) облыстарында байқалды, бұл өңірлік экономикалық әлеует пен кәсіпкерлік инфрақұрылымның ерекшеліктерін көрсетті.

Бұл тарауда Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігіне әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері эконометрикалық тұрғыдан талданды. Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейін өңірлік және халықаралық контексте бағалау, оның бәсекелік артықшылықтары мен мәселелерін анықтау, сондай-ақ мемлекеттік саясатты жетілдіру бағыттарын ұсыну. Талдау үшін

Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия, Польша, Түркия және Оңтүстік Корея таңдалды. Міндеттер ретінде әйелдер кәсіпкерлігінің негізгі көрсеткіштерін есептеу (ШОК субъектілеріндегі үлесі, тығыздық, ЖІӨ-ге қосқан үлесі), экономикалық, институционалдық және демографиялық факторларды біріктіретін интегралдық Women Entrepreneurship Competitiveness Index (WEI) қалыптастыру, және салыстырмалы талдау арқылы Қазақстанның халықаралық жүйедегі орнын анықтау қарастырылды.

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық детерминанттары зерттелген. Қаржыландыруға қолжетімділік, отбасылық міндеттер, жұмыспен қамту мәртебесі, технологияларды енгізу және білім деңгейі әртүрлі өңірлердегі әйелдер басқаратын ШОК санына қалай әсер ететіні талданды. Авторегрессиялық үлестірілген кідіріс моделі (ARDL) қолданылып, қысқа және ұзақ мерзімді үрдістерді бағалау арқылы әйелдердің кәсіпкерлікке қатысуына ықпал ететін факторлар анықталды. Зерттеу 2014-2023 жылдар аралығындағы толық деректер жиынтығына сүйене отырып, әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауға және инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз ететін саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу шеңберінде әлеуметтік бағдарламасы әзірленіп, зерттеу объектісі мен пәні, мақсаттары, міндеттері, гипотезалары және таңдамалы жиынтық негіздері анықталды. Онлайн сауалнама 30 сұрақтан тұратын анкета арқылы Google Forms платформасында жүргізілді. Алынған 1000 респонденттің деректері Excel-де өңделіп, шифрланып, кейін IBM SPSS STATISTICS 27.0 бағдарламасына енгізілді. Кодтау кестесі әрбір сұраққа сәйкес айнымалыларды анықтап, деректерді статистикалық өңдеуге мүмкіндік берді. Барлық респонденттер әйелдер болып, олар кәсіпкерлікпен айналысатын немесе оны дамытуға ұмтылатын тұлғалар ретінде таңдалған, бұл зерттеудің гендерлік аспектілерін талдауда деректердің дәлдігі мен релеванттылығын қамтамасыз етеді.

Екінші бөлімнің нәтижелері диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасын құрап, Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық дамуда маңызды рөл атқаратынын, алайда өңірлік айырмашылықтар мен гендерлік теңсіздікті азайтуға бағытталған саясатты күшейту оның орнықты және бәсекеге қабілетті дамуы үшін өзекті екенін айқындайды.

Үшінші тарауда «Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін одан әрі дамыту тетіктерін жетілдіру» мәселесіне арналған және әйелдер кәсіпкерлігінің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін институционалдық факторларды кешенді түрде талдауға бағытталған. Зерттеуде әйелдер кәсіпкерлігіне әсер ететін негізгі институционалдық тетіктер ретінде қоғамдық нормалар мен дәстүрлер, экономикалық құрылым, ғылыми-техникалық және технологиялық даму деңгейі, өндірістік әлеует, сондай-ақ ресми және бейресми институттардың өзара әрекеті қарастырылды. Қазақстан жағдайында әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға мүмкіндік беретін ішкі және сыртқы факторларды айқындау оларды ынталандыру стратегияларын әзірлеу

мен институционалдык қолдау механизмдерін жетілдірудің ғылыми негізін құрайды.

Зерттеуде ұсынылатын стратегиялық бастама әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың үш өзара байланысты бағытын қамтиды: әйелдердің бизнес саласындағы позициясын күшейту және олардың экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану арқылы экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту; жоғары технологияларды енгізу мен әлеуметтік инфрақұрылымды, оның ішінде ана болуды қолдау тетіктерін дамыту арқылы сыртқы ресурстарды тарту; сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке тән тәуекелдерді алдын алу шаралары арқылы азайту. Бұл бағыттар әйелдердің кәсіпкерлік құзыреттерін арттыру және кәсіпкерлік инфрақұрылымды жетілдіру арқылы олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге негізделген.

EBRD Women in Business Programme II, IFC және Arnur Credit бағдарламалары әйелдер жетекшілік ететін шағын және орта бизнесті несиелеуді едәуір арттырды. Ұлттық деңгейде «Даму» қоры субсидиялау мен кепілдік беру тетіктері арқылы банктік қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтіп, мемлекеттік саясат пен нарық операторлары арасындағы институционалдык делдал рөлін атқарады. Ауылдық әйелдерге арналған Uly Dala қоры және жергілікті атқарушы органдардың аймақтық бағдарламалары өңірлік теңгерімді дамытуға және кәсіпкер әйелдердің әлеуетін іске асыруға ықпал етеді.

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың негізгі факторы қаржылық қолжетімділік болып табылады. Халықаралық даму банкі, ұлттық даму институттары және жеке сектор қатысатын «аралас қаржыландыру» моделі кредиттік тәуекелдерді төмендетіп, шағын және орта бизнесті кеңейтуді қамтамасыз етеді. Қамту ауқымының кеңеюі, қаржыландыру көлемінің өсуі, сондай-ақ қаржылық, консультациялық және білім беру қолдауының үйлесімі әйелдер бизнесінің тұрақты дамуына және олардың ұлттық экономикаға қосқан үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл бөлімде Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың бағдарламалық-құқықтық негіздері мен қаржылық тетіктерін жетілдірудің кешенді моделі ғылыми тұрғыда жүйеленеді. 2021-2025 жылдарға арналған «Кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы кәсіпкерлікті реттеу, қаржыландыру, инфрақұрылым және адами капитал бағыттарын біріктіре отырып, әйелдер кәсіпкерлерінің мемлекеттік қолдау құралдарына тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Гендерлік тұрғыдан алғанда, мемлекеттік бағдарламаларға тартылғандардың едәуір үлесін әйелдер құрайды, ал қосымша бөлінетін қаржылық ресурстар олардың несиелік мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

2024-2025 жылдары жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу реформасы рәсімдерді цифрландыру, ашықтықты арттыру және транзакциялық шығындарды қысқарту арқылы әйелдер басқаратын шағын және орта бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастырады. Сонымен қатар, «regulation from scratch» қағидатына негізделген реттеуді жеңілдету бастамалары микро және

шағын кәсіпорындардың, соның ішінде әйелдер негізін қалаған бизнестердің әкімшілік жүктемесін азайтуға бағытталған.

Қаржылық тетіктерді жетілдіру шеңберінде әйелдер стартаптарын қолдауға арналған аралас қаржыландыру қоры мен мемлекеттік кепілдік механизмін енгізу, баламалы қаржыландыру көздерін (краудфандинг, ESG және гендерлік облигациялар, исламдық қаржы құралдары) дамыту, сондай-ақ қаржылық және білім беру қолдауын интеграциялау ұсынылды. Бұл шаралар цифрландырумен және рәсімдерді оңайлатумен ұштасып, несиелеу мерзімін қысқартуға, дискриминациялық тәуекелдерді төмендетуге және қаржыға қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Экономикалық әсерді бағалау ірілендірілген жартылай тепе-теңдік моделі арқылы жүргізіліп, әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландырудың ұлғаюы ішкі сұраныс пен инвестицияның өсуіне, өнімділік пен капитал тереңдеуінің артуына, сондай-ақ жұмыспен қамту мен салық түсімдерінің кеңеюіне ықпал ететіні көрсетіледі. Қосымша институционалдық шара ретінде eGov.kz порталында «Әйелдер кәсіпкерлігі» интерактивті модулін енгізу ұсынылып, ол ақпараттық қолжетімділікті арттырумен қатар талдамалық деректер базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Үшінші тараудың қорытындысы бойынша автор Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін жетілдіру оның тұрақты дамуы мен экономикалық тиімділігін арттырудың негізгі шарты екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың стратегиялық жоспары қаржылық ресурстарға қолжетімділікті кеңейту, адами капиталды дамыту және институционалдық ортаны жетілдіру арқылы экономиканың орнықты әрі инклюзивті дамуына, жұмыс орындарының көбеюіне, аймақтық теңгерімнің жақсаруына және инновациялық белсенділіктің артуына жағдай жасайды.

Диссертант



А.О. Мусабекова